




8
САБАҚ

МЕНИҢ ҚАРЫЗ
АЛУШЫ РЕТİNДЕГІ
ҚҰҚЫҚТАРЫМ
ЖӘНЕ
МІНДЕТТЕМЕЛЕРІМ



10 сабақтың ішінде берік үй «Тұрғыз»

ҚЫМБАТТЫ ДОС!

Сіз қолыңызға халықтың қаржылай сауаттылығын арттыру жөніндегі бағдарламаның бірыңғай кітапшасын ұстап отырсыз, оны KMF өзінің барлық филиалдары мен бөлімшелерінде жүзеге асырады. Бұл бағдарламаны KMF-Демеу Қоры америкалық ACDI/VOCA ұйымының қатысуымен жасаған. Сіздерге қандай тақырыптардың қызықты және пайдалы болатынын түсіну үшін, біз клиенттердің арасында оқытуға қажеттілікті бағалау жөніндегі зерттеуді жүргіздік. Зерттеудің нәтижелері бойынша біз негізгі 10 тақырыпты анықтадық. Әр тақырып бойынша Сіздер KMF-тің қызметкерлері жүргізетін сабақтарын өтіп, осы кітапша түріндегі үлестіру материалдарын ала аласыздар. Сабақтарымыздың негізіне біз қазақстандық отбасылардың нақты мысалдарын алдық.

Біз, бағдарлама Сіздерге пайдалы идеяларды, тәсілдер мен құралдарды ұсынып, олар Сіздерге пайдасын тигізіп, отбасыларыңыздың қаржысын неғұрлым табысты басқаруға және оның әл-ауқатын арттыруға көмектеседі деп үміттенеміз.

СІЗДЕРГЕ KMF-ТІҢ КРЕДИТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН БІРГЕ КЕЛЕСІ САБАҚТАРДАН ӨТУГЕ КЕҢЕС БЕРЕМІЗ:

- | | |
|------------------|--|
| 1 САБАҚ: | Егер мен қаласам, мен бұны істей аламын: үй бюджеті және отбасындағы қаржылық жоспарлау. |
| 2 САБАҚ: | Отбасымның қаржылық есебі. |
| 3 САБАҚ: | Өмірде неше түрлі жағдайлар болады. Отбасылық әмианды күтпеген жағдайлардан қалай қорғауға болады. |
| 4 САБАҚ: | Қор жинаудың әр түрлі тәсілдерінің «оңды» және «теріс» жақтары. |
| 5 САБАҚ: | Жақсы несиені қалай таңдауыма болады? |
| 6 САБАҚ: | Несие: Проблемалардан қалай құтылуға болады? |
| 7 САБАҚ: | Келісім-шартқа қол қоймастан бұрын нені білу керек? |
| 8 САБАҚ: | Менің қарыз алушы ретіндегі құқықтарым және міндеттемелерім. |
| 9 САБАҚ: | «Қолма-қол ақшадан» «қолма-қол ақшасыз» есептесуге – төлемдерді жүзеге асырудың нұсқалары. |
| 10 САБАҚ: | Сақтандыру: ол маған керек пе? |

Сіздерге бақыт және өркендеуді тілейміз!
Құрметпен, «KMF-Демеу» Қоры.

ТЕҢ ҚҰҚЫҚТЫ ӨРІПТЕСТІК

Клиенттердің құқықтары мен міндеттемелерінің тең болуы туралы анықтаманы қарастырайық, өйткені құқықтарсыз міндеттемелер және міндеттемелерсіз құқықтар болмайды.

«КЕЗ КЕЛГЕН МӘМІЛЕНІҢ БАСТЫ ШАРТЫ – БҰЛ ӨЗАРА ПАЙДА АЛУ»



ТҰРАҚТЫ СЕРІКТЕСТІК ТЕК ӘРБІР ТАРАП ӨЗІНІҢ ПАЙДАСЫН АЛҒАН ЖЕРДЕ ҒАНА БОЛУЫ МҮМКІН.

1. Несиені пайдаланушының пайдасы қандай?

- ◆ Қажетті соманы жинақтағанша, тауарды сатып алып, оны пайдалануға болады;
- ◆ Бизнеске салып, одан жоғары табыс алуға болады;
- ◆ Жалақыға дейін ақша жетпейтін болса, қажетті соманы алуға болады.

2. Несиелік ұйымның пайдасы қандай?

- ◆ Миссиясының орындалуы;
- ◆ Қызметін кеңейту;
- ◆ Пайда табу.

ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

Несилік келісім екі жаққа да тиімді және тараптары тең құқықты серіктестер болып табылатынын анықтадық. Серіктестер ретінде, екі тарап та: қарыз алушы да, несие беруші де, бір-бірінің алдында құқықтары мен міндеттемелеріне ие.

Қаржы қызметтерін пайдаланушылардың көпшілігі өз құқықтарын толықтай біле бермейді, бірақ бұл олардың құқықтары жоқ деген сөз емес.

ҚАРЫЗ АЛУШЫ КЕЛЕСІ ҚҰҚЫҚТАРҒА ИЕ:

1. АҚПАРАТТЫ АЛУҒА ҚАТЫСТЫ:

- ◆ Шартқа қол қойғанға дейін несиенің талаптарына қатысты:
 - ◇ сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі;
 - ◇ бір рет немесе мерзімді түрде жүргізілетін барлық комиссиялар мен төлемдерді; несиенің берілетін мерзімі;
 - ◇ несиені қамсыздандыру бойынша талаптары;
 - ◇ несиенің өтеу кестесі;
 - ◇ несиені кезекті өтеуді мерзімінен кешіктірген жағдайда айыппұлдарды, тұрақсыздық төлемдерін қоса алғанда, барлық қажетті ақпаратты алу.
- ◆ Несиені алуы мен пайдалануы жөніндегі кез келген мәселе бойынша, сондай-ақ алдыңғы тармақта аталған талаптары бойынша қосымша түсініктерді алу.
- ◆ Алдын ала танысу үшін келісім-шарттың мәтінін, сонымен қатар қажет болғанда заңгердің кеңесін алу.

2. ӨТЕУГЕ ҚАТЫСТЫ:

- ◆ Несиені беру туралы шешім қабылданғанымен, несиені алудан бас тартуға немесе ойлану және түпкілікті шешімді қабылдау үшін қосымша уақыт сұрау.
- ◆ Несиені мерзімінен бұрын өтеу.

3.

ЭТИКАҒА ҚАТЫСТЫ:

- ◆ Несиелік ұйымның қызметкерлері тарабынан құрметпен қарым-қатынас жасалуына.
- ◆ Төлемнің мерзімін кешіктірген кезде несиелік ұйымның өкілдері тарабынан құрметпен қарым-қатынас жасалуына.
- ◆ Несиелік ұйымның өкілдерінің кез келген кездесулері кезінде несиелік ұйым өкілдерінің тарабынан құрметпен қарым-қатынас жасалуына.
- ◆ Ұйымда қабылданған рәсімге сәйкес шағым беру.

4.

ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІНІҢ ҚҰПИЯЛЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ:

- ◆ Ұйымның қарыз алушының деректерін қалай басқаратынын білу құқығы.
- ◆ Қарыз алушының дербес деректеріне қатысты құпиялылық құқығы.

Әдетте, барлық қаржы ұйымдарында шағымдарды, ескертулерді және ұсыныстарды берудің келесі **ТӘСІЛДЕРІ** болады:

1. **Сенім телефоны немесе «шұғыл желі»**, оған Сіз Қазақстан Республикасы бойынша тегін қоңырау шала аласыз.
2. Барлық дерлік **сайттарда клиенттердің сұрақ қоюларына және шағым беруіне арналған бөлім болады**, онда Сіз өз шағымыңызды жаза аласыз.
3. Кейбір ұйымдарда **«Сенім жәшіктері»** болады, оған Сіз өз шағымыңызды жаза аласыз.
4. Сіз өзіңіздің **жазбаша шағымыңызды пошта арқылы**, қаржы ұйымының Басшысының атына жібере аласыз.
5. Сіз өзіңіздің **жазбаша шағымыңызды ұйымның кеңсесінде**, оны хатшыға тіркетіп, қалдыра аласыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Егер Сіз өз сұрағыңызға жеке өзіңіз жауап алғыңыз келсе – өзіңіздің байланыс деректеріңізді қалдырыңыз, Сізбен міндетті түрде хабарласады Сіз өзіңіздің жазбаша шағымыңызды.

Назарда ұстаңыз, бұл қарыз алушының негізгі құқықтары мен міндеттемелерінің тізімі!

Сіздің кредиттік ұйымға қатысты міндеттемелеріңізді оның қызметкерлері жан-жақты түрде айтып беріп, ал Сіздің құқықтарыңды осы сияқты жан-жақты түрде айтпайы мүмкін, сондықтан


ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫҢДЫ БІЛІП және оларды ПАЙДАЛАНА БІЛУ ҚАЖЕТ.

АРМАННЫҢ ТАРИХЫН ҚАРАСТЫРАЙЫҚ.

Арман несиен алуға өтінішті ресімдеген кезде, Сыйақының Жылдық Тиімді Мөлшерлемесін (СЖТМ) басқа несиелік ұйымдағы СЖТМ-мен салыстыру мақсатында, оны есептеуді түсіндіріп беруді сұрады. Несиелік қызметкер оның уақыты жоқтығын айтып, Арманның өтінішін орындаудан бас тартты және Арман барлық ақпаратты кредитті ресімдеген кезде алатынын мәлімдеді. Арман бұрынырақ өзінің құқықтары туралы кейбір мәліметтерді алған болатын және ол несиелік қызметкерге:

«Несие туралы толыққанды ақпаратты алуға менің құқығым бар, қандай несие арзанырақ екенін салыстыру үшін маған несие бойынша бастапқы және болашақ жұмсалған қаражаттарын, жеке алғанда Сыйақының Жылдық Тиімді Мөлшерлемесін білуім керек. Ал Сіздің міндетіңіз – маған бәрін түсіндіріп, қажетті ақпаратты беру, сондықтан, мен сұрағанымды жасап беріңіз», деді.

Егер осыдан кейін де, қызметкер қажетті ақпаратты бермесе, батыл шағымдана беріңіз.



Есіңізде болсын, өзіңіздің несиелік міндеттемелеріңізді орындағанда өте тәртіпті болу керек, өйткені Сіздің несие тарихыңыз осыған байланысты болады.

Жақсы несие тарихы несиелік міндеттемелерді тәртіпті орындау арқылы жасалады және де, жақсы несие тарихы Сізге болашақта несиені неғұрлым тиімді шарттармен алуға мүмкіндік береді.

Қаржы ұйымдарының тарабынан, **несиені қайтаруға қатысты проблемалары бар** клиенттерге **несиені** беру «қауіпті» болып саналады, сондықтан **оларға неғұрлым жоғары талаптар қойылады**, тіпті несиені беруден бас тартуы да мүмкін.

ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:

1.


АҚПАРАТТЫ ҰСЫНУҒА ҚАТЫСТЫ:

- ◆ Несиелік шешімді қабылдау үшін талап етілетін барлық ақпаратты ашып көрсету.
- ◆ Алған несиелері туралы хабарлау.
- ◆ Төлеу мүмкіндігіне байланысты өзгерістер туралы хабарлау.


2.

ӨТЕУГЕ ҚАТЫСТЫ:

- ◆ Несиені алуымен байланысты барлық комиссиялар мен басқа да төлемдерді төлеу.
- ◆ Қамтамасыз ету шартын рәсімдеумен байланысты барлық шығындарды төлеу.
- ◆ Несие сомасын тек несиелік шартта көрсетілген мақсаттарға жұмсау.
- ◆ Несие мен пайыздар бойынша қарызды өтеудің кестесіне сәйкес уақытылы, несиелік шартта сипатталған тәртіппен өтеу.
- ◆ Несиені, пайыздар, өсімақы және/немесе айыппұлдар түріндегі тұрақсыздық төлемін уақытылы төлеу.
- ◆ Несие бойынша және/немесе пайыздар бойынша төлемдерді мерзімінен кешіктірген жағдайда, осындай қарызды дереу өтеу.



Қарыз алушыға кеңес



- ◆ Алған кредитіңіздің қаржысын қарызға бермеңіз, кредитті үшінші тұлғаға рәсімдемеңіз, себебі кредитті өтеудің жауапкершілігі кепіл шартына қол қойған тұлғаға жүктеледі.
- ◆ Толық таныспай тұрып, тексерілмеген ұйыммен жұмыс жасамаңыз және бейтаныс адамдардың ұсынған құжаттарына қол қоймаңыз.
- ◆ Ешқашан кредитті өтеуге арналған ақша қаражатын топ үйлестірушісінен басқа ешқандай адамға бермеңіз. Ай сайынғы төлемді компания кассалары немесе жылдам өтем терминалдары арқылы өзіңіз төлеңіз.
- ◆ Құжаттарыңыздың түпнұсқасын кредиттік қызметкерлерге берген кезде жанынан кетпеңіз, әрқаз алған құжаттың қандай мақсатқа керек екендігін анықтаңыз. Барлық құжаттарыңызды қайтарып бергенін күтіңіз, өз құжаттарыңызды үшінші тұлғаға ұзақ уақытқа қалдырмаңыз.
- ◆ Қаржы мекемелерінің қызметкерлер кредитті рәсімдегені үшін Сізден сыйлықтар мен өзге де ризашылық түрлерін талап етуге ұқығы жоқ, егер ондай жағдай орын алса, біздің сабақта көрсетілген қатынас арналары арқылы шағым беруіңізге болады.

Белгілеп алу үшін

The page features a large grid for marking items. At the top, there is a spiral binding with 15 rings. Below the binding is a horizontal line, followed by a grid of 15 columns and 20 rows. The grid is intended for marking items, with the title 'Белгілеп алу үшін' (For marking) above it. On the right side of the page, there is a vertical bar with a colorful gradient: red, orange, blue, purple, yellow, green, and pink.

КМФ – ЖОБА КЕҢЕСШІСІ ТУРАЛЫ

КМФ Орталық Азиядағы, Кавказ, ТМД елдері мен Шығыс Еуропадағы микроқаржыландыру саласының көшбасшыларының бірі болып табылады. Компания өз қызметін 1997 жылдан бастады.

КМФ-тің негізгі бағыты – өз клиенттеріне топтық және жеке кредиттерді келесі қызмет түрлері үшін беру: бизнес, сауда, диқаншылық, мал шаруашылығы, өндіріс, қызмет көрсету, сондай-ақ, тұтынушылық кредиттендіру.

Бүгінгі күні «КМФ» МҚҰ 130 000-нан аса клиенттері бар және өзінің қызмет ету тарихында 200 мыңнан астам кредит беріп үлгерген Қазақстандағы ең ірі микроқаржыландыру ұйымы болып табылады (2015 жылғы 1 наурыздағы мәлімет).

Республикамыздың ірі қалалары мен ауылдарында орналасқан КМФ-тің 18 филиалы мен 75-тен астам бөлімшелерден тұратын кең аймақтық желісі бар. Жалпы алғанда, аталмыш бөлімшелер арқылы 3500-ге жуық шалғайдағы елді мекен тұрғындары микроқаржыландыру қызметіне қол жеткізіп отыр.

Компания өз клиенттерімен сенім, сыйластық пен түсіністікке негізделген, ұзақ мерзімді серіктестікке құрылған бағытты ұстанады. КМФ 18 жылғы қаржылық қолдауының арқасында 200 мыңға жуық қазақстандық өз кәсібін ашуға, оны кеңейтуге, тұрмысын жақсартып, балаларына сапалы білім беруге мүмкіндік алды.


КМФ-тің әлеуметтік жауапкершілікке негізделіп құрылғандығы және сол бағытты ұстанатындағы аса маңызды болып табылады. Компания өз тұтынушыларына кредиттендірудің қосымша шарттары мен қызмет көрсету жағдайын жақсарту мақсатында тұрақты түрде жұмыс жүргізеді, оның ішінде қаржылық емес қызметтер де бар. 2013 жылдың желтоқсан айынан бастап, «КМФ-Демеу» корпоративті қорымен бірлескен, халықты Қаржылық сауаттылыққа тегін оқыту – қаржылық емес өнімі іске қосылды. КМФ-тің әлеуметтік міндеті – сапалы қызмет көрсете отырып, тұтынушыға қаржылық сауаттылықтан мейлінше хабардар болуына үйрету.

Сенім білдіргендеріңізге рахмет!









ЖОБА БАСТАМАШЫСЫ:

«КМФ-Демеу» Корпоративтік қоры,
8 (727) 250 68 77, 250 68 78, факс: 250 68 76

Жоба кеңесшілері - «КМФ» МҚҰ құрылымдық бөлімшелері:

АҚТӨБЕ

Ағайынды Жұбановтар көш., 285 «Д», 8 (7132) 55 43 42, 55 40 21

АЛМАТЫ

Розыбакиев көш., 45 Г, 8 (727) 374 20 53
Қалдаяқов көш., 30, 8 (727) 266 83 51, 266 83 52

АСТАНА

Абай көш., 75, 8 (7172) 55 93 27, 55 93 28, 55 93 29

ҚАРАҒАНДЫ

Н. Әбдіров көш., 25, 8 (7212) 42 51 33, 41 27 56

ҚОСТАНАЙ

Баймағамбетов көш., 201, 8 (7142) 59 32 47, 59 32 48

КӨКШЕТАУ

Әуелбеков көш., 62, 8 (7162) 26 92 82, 26 46 05

ҚЫЗЫЛОРДА

Желтоқсан көш., 9 Д, «Ер Ару» т/к, 8 (7242) 26 38 47

ПАВЛОДАР

Ак. Бектұров көш., 66, 8 (7182) 59 36 96, 59 36 97

ПЕТРОПАВЛ

Букетов көш., 16, 8 (7152) 46 38 45, 46 38 53

СЕМЕЙ

Б. Момышұлы көш., 31/33, 8 (7222) 56 11 05

ТАЛДЫҚОРҒАН

Абай көш., 245, 8 (7282) 27 03 51, 27 15 47

ТАРАЗ

Байзақ батыр көш., 187, 8 (7262) 46 80 71, 46 80 72

ТҮРКІСТАН

С. Ерубаяев көш., 249 А, 8 (72533) 4 33 41, 4 33 32

ОРАЛ

Сарайшық көш., 89/1, 8 (7112) 26 75 23, 26 75 54

ӨСКЕМЕН

30-Гвардиялық дивизия, 24/1, 8 (7232) 61 51 26, 61 51 27

ШЫМКЕНТ

Теле би көш., 27 А, 8 (7252) 53 52 99, 53 55 05, 54 51 77

Ж. Тыныбаев көш., 28 А-Б, 8 (7252) 39 30 71, 39 30 70

Кітапшаның электронды нұсқасын www.kmf.kz сайттағы
«Қаржылық сауаттылық» бөлімінен алуға болады.